

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 19 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2006 жылғы 12 шілде**



Қаржы нарығындағы ахуал туралы

1. Инфляция. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша 2006 жылғы маусымда инфляция 0,3% (2006 жылғы мамырда – 0,8%) болды. Азық-түлік тауарларының бағасы өзгерген жоқ, азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 0,3%, ақылы қызметтер – 0,9% қымбаттады.

2006 жылғы маусымда азық-түлік тауарларының арасынан ет және ет өнімдері бағасының едәуір – 0,6% өсуі тіркелді. Жеміс және көкөніс 0,4%, нан өнімдері 0,3% қымбаттады. Жұмыртқа 3,3%, сүт өнімдері 1,6%, қант және кондитер бұйымдары 1,1%, май және тоң май 0,6% арзандады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында бензин бағасының 0,8%, баспа өнімдері - 0,5%, киім және аяқ киім, жиһаз және жуу құралдары - 0,4%, ыдыс-аяқ - 0,3%, жеке бас гигиенасы тауарлары бағасының 0,2% өсуі байқалды.

2006 жылғы маусымда халыққа ақылы қызмет көрсету бағасының өсуі тұрғын үй-коммуналдық саладағы қызметтер тарифтерінің 1,2% қымбаттауына байланысты болды. Бұл ретте электр энергиясы - 2,0%, орталық жылыту - 1,5%, суық сумен қамтамасыз ету - 0,5%, кәріз 0,7% қымбаттады. Бағаның қымбаттауы сондай-ақ медициналық қызметте - 1,1%, көлік қызметінде - 0,7%, мәдениет мекемелері қызметінде - 0,4% тіркелді.

2006 жылдың басынан бері тұтыну нарығындағы бағаның өсуі 4,8% (2005 жылғы қаңтар-маусымда – 3,5%) болды. Азық-түлік тауарларының бағасы - 5,4% (4,6%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы - 2,6% (2,1%), халыққа ақылы қызмет көрсету бағасы 6,4% (2,8%) өсті.

2006 жылғы маусымда инфляция жылдық көрсетумен 8,9% (2005 жылғы желтоқсанда – 7,5%) болды, азық-түлік тауарлары - 9,0%, азық-түлікке жатпайтын тауарлар - 6,3%, ақылы қызмет 11,8% қымбаттады.

2. Төлем балансы және сыртқы борыш. 2006 жылың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша төлем балансының ағымдағы операцияларының шоты 352 млн. доллар оң сальдомен қалыптасты. Тауарлар импортының және халықаралық қызмет көрсетудің, сондай-ақ резидент еместерге кірістер төлеудің жоғары өсу қарқыны аясында ағымдағы шоттың профициті тауар экспортының өсуімен қамтамасыз етілді. Төлем балансының жіктеуі бойынша тауар экспортының құны 2006 жылғы бірінші тоқсанда 7,5 млрд. долларды құрады (2005 жылғы бірінші тоқсанмен салыстырғанда 29,7% өсті), ал тауар импорты 4,2 млрд. долл. жуық құрады (20,1% өсті). Жиынтығында резиденттердің тауарлар экспортынан және қызмет көрсетуден кірістері 2006 жылғы бірінші тоқсанда 8 млрд. долл. асып түсті (2005 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 28,9% өсті), ал тауарлар импорты және қызмет көрсету шығыстары 6,1 млрд. долл. асып түсті (29,7% өсті). Тікелей шетелдік инвесторларға төлемдердің және мемлекеттік емес сектордың заемдық міндеттемелеріне қызмет көрсету бойынша төлемдердің өсуі нәтижесінде

кірістер балансының дефициті 2005 жылғы бірінші тоқсанмен салыстырғанда үштен біріне ұлғайды және 1,4 млрд. долл. асты.

Мұнайгаз кен орындарын өңдеуге және оларды дамытуға байланысты жобаларды қаржыландырудың ұлғаюы шетелдік тікелей инвестициялар түріндегі салымдардың одан әрі өсуін қамтамасыз етті. 2006 жылғы бірінші тоқсанда тікелей инвестициялау операциялары бойынша капиталдың таза ағыны 1,9 млрд. доллардан асты, бұл 2005 жылдың салыстырып отырған кезеңіне қарағанда үш есеге жуық көп. Республиканың банктік секторы тартқан қаржыландыру үлесінің ұлғаю үрдісі 2006 жылдан бастап жаңа дамуға ие болды – 2006 жылғы бірінші тоқсанда республика банктерінің коммерциялық кредиттер, несиелер және еурооблигациялар бойынша сыртқы берешегінің өсуі 2005 жылғы бірінші тоқсандағы өсуден екі есе аса отырып, 2,1 млрд. долл. болды.

Тікелей инвестициялар және банктік сектордың қарыз алуы түріндегі капитал ағынының өсуі республиканың жалпы сыртқы борышының жоғары өсу қарқынына себеп болды. Тек 2006 жылдың бірінші тоқсанында ғана сыртқы борыш 5,3 млрд. долл. ұлғайды және 2006 жылғы наурыздың соңында 46,8 млрд. долл. болды. Осы соманың ішіндегі 16 млрд. долл. (сыртқы борыштың жалпы көлемінің 34%) – бұл республиканың банк секторының борышы, ал 21,1 млрд. доллар (45%) фирмааралық берешекке тиесілі. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш көлемі 2006 жылғы наурыздың соңында 2,4 млрд. долл. болды.

3. Ақша агрегаттары. Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің өсуі 2006 жылғы маусымда ақша базасының 1059,0 млрд. теңгеге дейін 1,7% (жыл басынан бері – 59,7%) ұлғаюына себеп болды.

Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттері есепке алынбаған ақша базасы 9,9% (жыл басынан бері – 45,8%) ұлғайды.

2006 жылғы мамырда ақша массасы 2 513,9 млрд. теңгеге дейін 8,4% (жыл басынан бері – 21,7%) ұлғайды. Ақша массасының ұлғаюы банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің 17,7% және ішкі активтерінің 7,0% ұлғаюына байланысты болды.

Айналыстағы қолма-қол ақша (M0) мамырда 503,4 млрд. теңгеге дейін 8,8%, ал банк жүйесіндегі депозиттер 2 010,5 млрд. теңгеге дейін 8,3% ұлғайды (жыл басынан бері тиісінше 22,2% және 21,6%). Айналыстағы қолма-қол ақшаның ақша массасы құрылымындағы үлесі 20,0% (сәуірде – 19,9%) болды.

Ақша массасының өсу қарқынының ақша базасының ұлғаю қарқынымен салыстырғанда асып кетуі мамырда ақша мультипликаторының 2,34-тен 2,41-ге ұлғаюына негіз болды.

4. Валюта нарығы. 2006 жылғы маусымда теңге бағамының АҚШ долларына қатысы бойынша әлемдік валюта нарықтарындағы ахуалға, сондай-ақ ішкі валюта нарығындағы шетел валютасына ұсыныстың сұраныстан асып кетуіне негізделген өсу үрдісі байқалды.

Маусымда теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 1 доллар үшін 118,26 теңге – 121,26 теңге аралығында өзгерді. Бір ай ішінде теңгенің АҚШ долларына қатысты номиналдық айырбастау бағамы 2,35% (жыл басынан бері – 11,48%) нығайды және маусымның соңында теңгенің биржалық бағамы бір доллар үшін 118,41 теңге болды. Орташа алынған биржалық бағам бір АҚШ доллары үшін 126,82 теңге болды.

Маусымда Қазақстан Қор Биржасындағы биржалық операциялардың көлемі қосымша сауда-саттықтағы мәмілелерді қоса алғанда мамырмен салыстырғанда 1496,8 млн. долл. дейін 38,7% төмендеді (жыл басынан бері – 12,4 млрд. долл.).

Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялардың көлемі 12,8% төмендеді және 6145,9 млн. долл. болды (жыл басынан бері – 26,3 млрд. долл.).

5. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы. 2006 жылғы маусымда Қаржы министрлігі мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыруды жүзеге асырған жоқ (жыл басынан бері оларды шығару 72,5 млрд. теңге болды). Мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеу 2006 жылғы маусымда сыйақы бойынша төлемдерді ескере отырып 22,0 млрд. теңге (жыл басынан бері – 67,7 млрд. теңге) болды. Нәтижесінде Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі маусымның аяғында бір айда аз ғана 0,1% азайып, 332,2 млрд. теңге (ағымдағы жылдың басынан бері – өсім 11,8%) болды.

Ұлттық Банк ноталары эмиссиясының көлемі 2006 жылғы маусымда алдыңғы аймен салыстырғанда 491,7 млрд. теңгеге дейін (жыл басынан – 1535,0 млрд. теңге) 54,9% көбейді, бұл ретте қысқа мерзімді ноталардың тиімді кірістілігі мамырдағы 3,06%-дан маусымда 3,29% дейін көбейді. Ұлттық Банктің ноталарын өтеу 2006 жылғы маусымда сыйақы бойынша төлемдерді ескере отырып, 410,1 млрд. теңге (жыл басынан бері – 1298,6 млрд. теңге) болды. Нәтижесінде айналыстағы ноталардың көлемі маусымның аяғында алдыңғы аймен салыстырғанда 26,0% (жыл басынан бері – 2,5 есе) ұлғайып, 400,0 млрд. теңге болды.

2006 жылғы маусымда репо, кері репо операциялары жүргізілген жоқ. Сондай-ақ Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алу және сату операциялары да жүргізілген жоқ.

6. Депозиттік нарық. Банк жүйесіндегі резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі 2006 жылғы мамырда 2006 жылғы сәуірмен салыстырғанда 2010,5 млрд. теңгеге дейін, 8,3% (жыл басынан бері - 21,6%) ұлғайды. Заңды тұлғалардың депозиттері 1307,0 млрд. теңгеге дейін 9,2%, жеке тұлғалардың депозиттері - 703,5 млрд. теңгеге дейін, 6,6% ұлғайды.

2006 жылғы мамырда ұлттық валютамен депозиттер 1307,5 млрд. теңгеге дейін, 10,2%, шетел валютасымен депозиттер - 703,0 млрд. теңгеге дейін, 4,9% ұлғайды. Нәтижесінде, депозиттердің үлес салмағы 63,9% - 65,0% дейін (жыл басында - 58,1%) ұлғайды.

Банктердегі халықтың салымдары (резидент еместерді ескере отырып) бір айда 711,5 млрд. теңгеге дейін, 6,5% (жыл басынан бері 19,2%) ұлғайды. 2006 жылғы мамырда халық салымдарының құрылымында теңгедегі депозиттер 454,8 млрд. теңгеге дейін, 12,8% өсті, ал шетел валютасындағы депозиттер 256,8 млрд. теңгеге дейін, 3,2% қысқарды. Нәтижесінде, теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 60,3%-дан 63,9% дейін артты.

2006 жылғы мамырда банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімдік депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 4,1% (2006 жылғы сәуірде – 3,9%, 2005 жылғы желтоқсанда – 3,3%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 9,9% (2006 жылғы сәуірде – 9,8%, 2005 жылғы желтоқсанда – 9,1%) болды.

7. Кредиттік нарық. Экономикадағы банктердің кредиттері бойынша негізгі борыштың жалпы көлемі 2006 жылғы мамырда 2006 жылғы сәуірмен салыстырғанда 2982,4 млрд. теңгеге дейін, 4,5% (жыл басынан бері - 15,1%) ұлғайды.

Ұлттық валютамен кредиттер бір айда 1516,8 млрд. теңгеге дейін, 4,6%, ал шетел валютасымен кредиттер - 1465,6 млрд. теңгеге дейін, 4,4% ұлғайды. Нәтижесінде теңгедегі кредиттердің үлес салмағы 2006 жылғы наурызбен салыстырғанда 50,8% - 50,9% дейін (2005 жылғы желтоқсанда 48,5% болды) көтерілді.

Ұзақ мерзімді кредиттер 2133,5 млрд. теңгеге дейін, 6,5% өсті, ал қысқа мерзімді кредиттер 848,9 млрд. теңгеге дейін, 0,2% төмендеді. Жиынтығында ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы мамырда 2006 жылғы сәуірмен салыстырғанда 70,2% - 71,5% дейін (2005 жылғы желтоқсанда - 66,5%) ұлғайды.

Заңды тұлғаларға кредиттер мамырда 2119,1 млрд. теңгеге дейін, 3,1%, ал жеке тұлғаларға кредиттер - 863,3 млрд. теңгеге дейін, 8,1% ұлғайды. Бұл ретте банктердің

халыққа ипотекалық кредит беру көлемі 261,8 млрд. теңгеге дейін, 3,6% (жыл басынан бері - 18,7%) ұлғайды. Жиынтығында жеке тұлғаларға кредиттердің үлес салмағы 28,0% - 28,9% дейін (жыл басында - 25,8%) көтерілді.

2006 жылғы мамырда 2006 жылғы сәуірмен салыстырғанда жеке тұлғаларға ұлттық валютамен кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 19,3% - 19,0% дейін (жыл басында – 19,7%), ал заңды тұлғаларға кредиттер бойынша 13,7% - 13,5% дейін (жыл басында – 13,0%) төмендеді.

8. Экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындар мониторингінің нәтижелері туралы. 2006 жылғы 1 тоқсанда мониторингке 1377 кәсіпорын қатысты. Сұралған кәсіпорындардың өнімді сатудан түскен кірісінің үлесі ел экономикасындағы барлық кәсіпорындардың өнімді сатудан түскен кірісінің жалпы көлемінде 67% жуық болды. Кәсіпорындардың көпшілік бөлігі (83,7%) не дайын өнімге сұраныстың көбеюін (27,4%), не оның өзгермеуін (56,3%) белгіледі, бұл экономикалық өсуге оң ықпал етуі тиіс.

Дайын өнім бағасы өскен кәсіпорындардың үлесі 29,6% дейін ұлғайды және өнім бағасы төмендеген кәсіпорындардың үлесі 4,4% дейін азайды. Кәсіпорындардың көпшілігі (55,7%) шикізатқа және материалдарға бағаның өсуін белгіледі. 2006 жылғы 2-тоқсанда, жалпы алғанда, кәсіпорындардың күтулері бойынша бағаның өсуі жалғасуда.

Кәсіпорындардың іскерлік белсенділігі жеткілікті түрде жоғары болып қалуда: активтердегі айналым қаражатының үлесі 36,8%, ал олардың айналымдылығы - 52,6% болды. Бұрынғысынша кәсіпорындардың көпшілігі үшін (79,8%) меншік қаражаты айналым қаражатын толықтырудың негізгі қаржыландыру көзі болып табылады. Осы мақсатқа банктердің кредиттерін пайдаланған кәсіпорындардың үлесі 28,5% болды.

Сұралған кәсіпорындардың көпшілігі теңге бағамының АҚШ долларына, еуроға және ресей рубліне (тиісінше 73,3%, 75,1%, 76,2%) ағымдағы өзгеруінің шаруашылық қызметке теріс ықпалына ұшыраған жоқ.

Банктердің экономиканы кредиттеу жағдайларында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ: теңгемен (14,4%) және шетел валютасымен (12,5%) кредиттер бойынша орташа кредиттік ставка іс жүзінде өзгерген жоқ. Сұралған кәсіпорындардың 33,3% өз қызметін қаржыландыру үшін банктердің кредиттерін пайдаланды. Кредиттерді, негізінен өнеркәсіп, сауда және құрылыс кәсіпорындары пайдаланды. Сұрауға қатысқан кәсіпорындардың басым көпшілігі (93,8%) банктердің қызметіне қажеттілікті қанағаттандырудың қалыпты деңгейін белгіледі (2005 ж. 4-тоқсанда 95,6% болды).